

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

тауарларды сатып алу туралы

<тауардың атауы>

<тапсырыс берушінің аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс берушінің қол қоятын адамының лауазымы және ТАӨ> арқылы бір жағынан және <жеткізушінің резиденттік білгісі> болып табылатын, <лицензия, рұқсат беретін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің толық атауы>, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің қол қоятын адамының лауазымы және ТАӨ> арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 17-тармағының 1) тармақшасына және <хаттаманың бекітілген күні> тендер тәсілімен <тауардың атауы> сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес осы шартты (бұдан әрі – Шарт) төмендегілер туралы жасасты.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында тендер тәсілімен <тауардың атауы> (бұдан әрі – Тауар) сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушінің <ҚҚС сомасын қоспағанда> ____ теңге __ тиын (__ теңге __ тиын) сомасына тендерлік өтінімді қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші Тауарды Тауар бірлігінің бағасына, техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген атауына, санына, жиынтығына сәйкес Шартта көзделген мерзімде және талаптарда жеткізуге міндеттеме алады.

1.3. Тауарды жеткізуді Тауарды Өндірушінің жұмыс жасайтын уәкілетті серіктесі (бұдан әрі – Өндіруші) және (немесе) Тауарды Өндірушінің ресми/өңірлік өкілі (өкілдігі) жүзеге асыруға тиіс.

1.4. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- Шарт;
- сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің) тізбесі (Шартқа №1 қосымша);
- техникалық ерекше нұсқама (Шартқа № 2 қосымша).

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС сомасын қосқанда> _____ теңге ____ тиын (_____ теңге ____ тиын) (бұдан әрі - Шарттың жалпы сомасы) болады, _____ теңге ____ тиын (_____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі Тауар құнынан, < _____ теңге ____ тиын (_____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасынан тұрады (егер Жеткізуші ҚР резиденті және ҚҚС төлеушісі болса қолданылады)>.

Шарттың жалпы сомасы сақтандыруды, салықтарды, баждарды және өзге де төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Тауарды жеткізумен байланысты барлық шығыстарын қамтиды (қажет болған кезде).

Шарттың жалпы сомасы сатып алынатын Тауардың нақты санына байланысты Тауардың бір бірлігінің бағасы өзгермей азайтылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың Шартқа қосымша келісім жасауы талап етілмейді.

Жеткізілген Тауардың нақты саны <Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы> _____ (бұдан әрі - Акт) көрсетіледі.

2.2. Тапсырыс беруші Шарт бойынша ақы төлеуді Жеткізушінің банктік шотына мынадай тәртіппен ақша аударады:

Жеткізуші Тапсырыс берушіге тиісінше ресімделген шот-фактураны (инвойсты) және «Электрондық шот-фактуралар» мемлекеттік ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі - ЭШФ АЖ) web-қосымшасы/порталы арқылы қойылған электрондық түрде қорларды басқа жаққа жіберуге арналған жүкқұжатты ұсыну шартымен Тараптардың уәкілетті тұлғалары электронды түрде және (немесе) қағаз нұсқадағы Тауарды қабылдау-беру туралы актіге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тауарды толық көлемде тиісінше жеткізу фактісі бойынша - Шарттың жалпы сомасының 100 % (жүз пайызы) мөлшерінде.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де осыған ұқсас төлемдерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда Тараптар екі Тараптың да қосымша келісімге қол қоюы арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы ұсталады.

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Факсимильдік байланыспен алынған құжаттардың, корпоративтік электрондық почта арқылы және (немесе) өзге де тәсілмен алынған құжаттардың сканерленген көшірмелерінің заңды күші болады және оларды кейіннен түпнұсқаға ауыстыра отырып, Тапсырыс беруші Шарттың 2.9-тармағында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, келесі 5 (бес) жұмыс күні ішінде (егер Жеткізуші Алматы қаласынан тыс жерде болған жағдайда) қолданылады (егер Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда).

2.7. Егер Жеткізуші Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасасқан елдің резиденті болып табылса, Тапсырыс беруші тиісті халықаралық шартта көзделген Шарт бойынша соманы төлеу кезінде салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін дербес қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табысына (-тарына) қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі.

Егер қандай да бір себептермен Тапсырыс берушінің салық органы Жеткізуші ұсынған резиденттікті растайтын, кейінгі салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін құжатты қабылдамаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушімен бірге резиденттікті растайтын құжаттың дұрыс ресімделген нұсқасын ұсынуды қоса алғанда, осы мәселені шешу үшін бар күшін салады.

Егер Жеткізуші қандай да бір себептермен Жеткізушінің резиденттігін растайтын құжаттың дұрыс ресімделген нұсқасын ұсынбаса, туындаған салық міндеттемелері Жеткізушінің салық міндеттемелері болып табылады, Жеткізушінің резиденттігін растайтын құжаттың Тапсырыс беруші елдің салық заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, Тапсырыс беруші елінің салық органы салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей оларды Жеткізуші өсімпұлды ескере отырып, толық көлемде орындауы (Тапсырыс берушіге өтеуі) тиіс (осы тармақ мынадай жағдайларда қолданылады, егер Жеткізуші басқа елдің тұрғыны болса).

2.10. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (Жеткізуші басқа елдің бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.11. Жеткізуші өзінің Шарт шеңберінде алынатын табыстың (-тардың) түпкілікті (нақты) алушысы (иесі) екенін растайды және осы табысқа (-тарға) иелік етуге, пайдалануға, билік етуге құқығы бар, сондай-ақ осы мақсаттар үшін Тапсырыс берушіні оның делдал емес екеніне сендіреді (Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.12. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады (тармақ егер Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.13. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлегеннен бастап Қазақстан Республикасының салық заңнамасында бекітілген мөлшерлеме бойынша төлем көзінен табыс

салығы ұсталуға жатады (осы тармақ егер Жеткізуші ҚР бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.14. Жеткізуші тиісті түрде ресімдемеген қажетті төлем құжаттарын уақтылы ұсынбауы немесе ұсынуы Тапсырыс берушіні уақтылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіні Тауардың жеткізілу барысына, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен санына бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті жауапты адамдар туралы хабардар етуге;
- 2) Жеткізуші жеткізген Тауарды *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* негізінде Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;
- 3) Шарт талаптарына сәйкес Шарт бойынша ақы төлеуді жүзеге асыруға;
- 4) Жеткізушіге Шарттың орындалуына енгізілген қамтамасыз етуді Тапсырыс берушінің және Жеткізушінің уәкілетті өкілдері Актіге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап қайтаруға міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Тауарды қабылдау-өткізу барысында оның техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін растау үшін Тауардың сапасы мен санын тексеруді жүзеге асыруға;
- 2) Тауардың жеткізілу барысын, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен санын бақылауға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) жеткізілген Тауардың барлық құрамдас бөліктерін қоса алғанда, оның жұмыс қабілеттілігінде ескертулер, сәйкессіздіктер, кемшіліктер, ақаулар және (немесе) өзге де шала жұмыстар, істен шыққан, ақаулы және (немесе) бүлінген жиынтықтауыштарды, жабдықтарды немесе оның модульдерін ауыстыру (бұдан әрі – ақаулар) керектігі табылған (анықталған) жағдайда, Тауарды қабылдау-беру процесінде және (немесе) жеткізілген Тауарға кепілдіктің қолданылу мерзімі ішінде - Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жолдай отырып, осындай Тауарды бағасы мен тиісті сапасы жағынан не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар жаңасына ауыстыруды немесе Шартта белгіленген мерзімде ақауларды жоюды талап етуге не ақаулары бар Тауарды қабылдаудан және оны төлеуден бас тартуға;
- 4) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алған жағдайда ахуалды бағалауға және өз қалауы бойынша және Жеткізушінің кінәсінен тыс туындаған объективті себептер болған кезде Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 5) Шарттың осы тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге;
- 6) Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға;
- 7) егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше

орындамауы, не Шартта көзделген мерзімде және тәртіппен негіздер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан бұзылған болса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға;

8) Жеткізушіден Шартта белгіленген тәртіп пен мерзімдерде тиісті сападағы және Техникалық ерекше нұсқама талаптарына сәйкес келетін толық көлемдегі Тауарды жеткізуді талап етуге (Шартқа №2 қосымша);

9) Тауарды қабылдау-беру процесінде Тауардың Техникалық ерекше нұсқамада көзделген талаптарға сәйкестігін тексеруге (Шартқа №2 қосымша);

10) Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған, оның ішінде Тауарда оны қабылдау-беру процесінде және кепілдік мерзімінде анықталған ақауларды уақтылы жою жөніндегі міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, Жеткізушіден Шарттың 6.4-тармағына сәйкес тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға және (немесе) Шартты бұзуға құқылы.

3.3. Жеткізуші:

1) Тауарды тиісті сапада, техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес, Шартта көзделген сандар, мерзімде және талаптарда жеткізуге;

2) Тараптар Актіге қол қойғанға дейін Тауардың жоғалу, бүліну немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін көтеруге;

3) Тапсырыс беруші Тауарды жеткізу, қабылдау-беру процесінде және (немесе) жеткізілген Тауарға кепілдіктің қолданылу мерзімі ішінде ақауларды анықтаған жағдайда -, істен шыққан, ақаулы не бүлінген Тауардың жиынтықтауыштарын ауыстыруға және (немесе) ақаулы Тауарды бағасы мен тиісті сапасы жағынан ұқсас (не осы Техникалық ерекше нұсқаманың шарттарына сәйкес келетін жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) жаңа Тауарға Тапсырыс берушімен келісілген, бірақ Тапсырыс берушіден анықталған ақаулар туралы тиісті хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оларды өз қаражаты есебінен дербес жоюға міндеттенеді. Бұл ретте, мына жағдайларда:

- Тауардағы ақауларды түзету және (немесе) ауыстыру - кепілдіктің түзетілген, қалпына келтірілген Тауарға немесе оның (оның) бөлігіне қолданылу мерзімі ақауды жою жүргізілген уақыт кезеңіне ұзартылады;

- Техникалық ерекше нұсқаманың (Шартқа №2 қосымша) талаптарына сәйкес келетін жаңа Тауарға ақауы/ақаулары бар жеткізілген Тауарды ауыстыру - ауыстырылған Тауарға кепілдіктің қолданылу мерзімі Тараптар қол қойған Актіде көрсетілген күннен бастап қайтадан есептеледі.

4) Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап 12 ай ішінде тауардың сапасына кепілдік беру <тауарды жеткізу фактісін растайтын және шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы> Тапсырыс берушіге кепілгердің (Жеткізушінің) міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама беру арқылы;

5) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған жасырын және басқа да ақпаратты жария етпеуге және құпия сақтауға;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шарттың уақтылы орындалуына кедергі келтіретін талаптарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кідіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

8) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін біреуге толық не ішінара бермеуге *(қажет болғанда)*;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

10) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы сомасының 3 % (үш пайызы) мөлшерінде енгізуге;

11) Тауардың Шарт талаптарына сәйкестігін, Тауарды толық көлемде жеткізу барысын және оны Тапсырыс берушіге Акті бойынша тиісінше беруді, сондай-ақ Тауарды жеткізуге байланысты барлық ілеспе қызметтерді көрсетуді бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті жауапты тұлғаларды тағайындауға *(қажет болған жағдайда)*;

12) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан - Тапсырыс берушіден алынған не Шарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде белгілі болған коммерциялық және (немесе) конфиденциалды ақпараттан басқа, өзге де ақпаратты жария етпеуге және құпияда сақтауға;

13) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Тапсырыс берушінің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға;

14) уәкілетті органнан қайта ұйымдастыру, тарату туралы құжатты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей - бұл туралы Тапсырыс берушіге тиісті жазбаша хабарлама беру жолымен, оның ішінде шартта көзделген көлемде, тәртіппен және мерзімдерде барлық іс-әрекеттер-міндеттемелерді орындауға құқылы құқықтық мирасқор туралы хабардар етуге;

15) қажет болған жағдайда және (немесе) Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тауарға және Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты қосымша ақпарат беруге;

16) өз қаражаты есебінен түпкілікті межелі пунктке тасымалдау кезінде оның зақымдануынан және (немесе) бүлінуінен алдын алуға қабілетті Тауардың қаптамасын қамтамасыз етуге. Қаптама қарқынды көтеру-тасымалдау өңдеуіне және тасымалдау кезінде, сондай-ақ ашық сақтау кезінде экстремалды температураның, тұздың және жауын-шашынның әсеріне төтеп беруі керек. Оралған Тауардың габариттерін және оның салмағын анықтау кезінде жеткізудің соңғы пунктінің қашықтығын және Тауардың барлық жүру пункттерінде қуатты жүк көтергіш құралдардың болуын ескеру қажет;

17) өз қаражаты есебінен Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша Тауарды толық көлемде жеткізуді, табыс етуді, түсіруді және беруді ұйымдастыруға міндетті. Бұл ретте Тауарды межелі пунктке дейін тасымалдауды Жеткізуші жүзеге асырады және төлейді, ал осыған байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына енгізіледі;

18) Тапсырыс берушіге Тауарға қажетті барлық құжаттарды (сәйкестік сертификаттары/СТ-KZ,

Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар, кепілдік сертификаттары, паспорттар, нұсқаулықтар және т.б.), оның ішінде техникалық құжаттаманы және таңбалауды орыс тілінде немесе Тауар өндірушінің тілінде, бірақ ресми орыс тіліне аудармасымен - Тауар жеткізу пунктіне келгенге дейін беру, бірақ нақты жеткізу күнінен кешіктірмей. Жеткізуші көрсетілген құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қабылдамауға құқылы.

19) өз қаражаты есебінен ақаулары бар Тауарды Тапсырыс берушіден әкетуді және толық көлемде жеткізілетін және ілеспе қызметтер көрсете отырып (қажет болған жағдайда) тиісті сападағы жаңа Тауарды жеткізуді жүзеге асыруға;

20) Алматы және Астана қ. орналасқан Тауар өндірушінің уәкілетті Тауар өндірушісі және (немесе) ресми/өңірлік өкілі (өкілдігі) Тауарға кепілдіктің қолданылу мерзімі ішінде толық көлемде тиісті түрде жеткізілген және Акті бойынша берілген Тауарға, Тапсырыс берушіге сервистік қызмет көрсетуді, оның ішінде мамандандырылған сервистік орталықтар көрсететін кепілдік қызмет көрсетуді ұсынуға кепілдік беруге;

21) Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға немесе тиісінше орындамауға байланысты шығыстарды өз бетінше көтеруге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Шарт талаптарына сәйкес жеткізілген Тауарға ақы алуға;

2) Тауар бірлігінің бағасын өзгертпестен, жақсартылған сапалық сипаттамалары бар Тауарды жеткізуге құқылы.

4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Тауарды толық көлемде жеткізу мерзімі/күні Шартқа қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде.

4.2. Тауарды жеткізу орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8, 163-тұрғын емес үй-жай немесе Тапсырыс беруші нақты мекенжайын/орналасқан жерін ауыстырған жағдайда - өзге мекенжай бойынша.

4.3. Жеткізуші жаңа Тауарды оны тасымалдау және сақтау кезінде кез-келген зақымданудан қорғай отырып, жеткізуге міндеттенеді, сондай-ақ оны Жеткізу орнына дейін жеткізеді.

4.4. Тауарды жеткізу орнына дейін тасымалдауды Жеткізуші жүзеге асырады және төлейді, ал осыған байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына қосылады.

4.5. Жеткізілген Тауар Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген барлық параметрлер мен сипаттамалардың барлық талаптарына сәйкес келуі тиіс (Шартқа № 2 қосымша).

4.6. Тауар толық көлемде тиісінше әдіспен жеткізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жеткізуші Тапсырыс берушіге өз тарапынан қол қойылған Актіні қағаз нұсқада (2 (екі) бірдей данада) және (немесе) электрондық түрде ұсынуға және ЭШФ АЖ арқылы шот-фактураны электрондық түрде беруге тиіс.

4.7. Жеткізушіден Актіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші

Тауардың сапасын тексереді, қажет болған жағдайда – Тауардың Шарттың талаптары мен талаптарына сәйкестігін куәландыру/растау мақсатында Тауарға сынақ жүргізеді (бұл ретте тексеру және (немесе) сынақтар Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша не материалдарды тәуелсіз маманға немесе сарапшыға бере отырып жүргізіледі) және:

- жеткізілген Тауарға ескертулер болған, оның Техникалық ерекше нұсқама талаптарына сәйкес келмеген және (немесе) оны қабылдау процесінде ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші мұндай Тауарды қабылдаудан бас тартады, Актіде анықталған ақауларды көрсетеді, бұл Шарттың 6-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын өндіріп алу үшін негіз болып табылады және Жеткізушіге анықталған ақаулар туралы тиісті дәлелді жазбаша хабарлама жібереді;

- Жеткізушіге жеткізілген Тауардың фактісі бойынша ескертулер болмаған кезде - Актіге қол қояды.

4.8. Шарттың 4.7-тармағының 2-абзацында көзделген жағдайда, Тапсырыс берушіден Техникалық ерекше нұсқама талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды қабылдаудан бас тартуды алған күні Жеткізуші өз қаражаты есебінен дербес осындай Тауарды алып кетуді жүзеге асырады. Бұл ретте, ақаулармен жеткізілген және Жеткізуші әкетпеген Тауардың сақталуына жауапкершілік Жеткізушіге жүктеледі.

4.9. Тауардың кездейсоқ бүліну/жойылу және (немесе) кездейсоқ бүліну тәуекелі Тараптар Актіге қол қойған күнінен бастап Жеткізушіден Тапсырыс берушіге ауысады.

4.10. Тараптар қол қойған Актіде Тапсырыс беруші көрсеткен күн Тауарды нақты толық көлемде нақты жеткізу күні болып есептеледі.

4.11. Тауарға меншік құқығы Жеткізушіден Тапсырыс берушіге Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап ауысады.

5. КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізуші Тараптардың уәкілетті адамдары *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* қол қойған күннен бастап 12 ай ішінде Тапсырыс беруші ұсынған нысан бойынша кепілгердің міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны Тапсырыс берушіге беру арқылы Тауардың сапасына кепілдік беруге міндеттенеді.

5.2. Жеткізілген Тауарда, оның ішінде оның құрамдас бөліктерінде кепілді мерзім ішінде ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушімен келісілген, бірақ Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оларды жоюға немесе өз есебінен жүзеге асыруға немесе ақаулы Тауарды, оның ішінде оның құрамдас бөліктерін бағасы жағынан ұқсас жаңа Тауарға және Тауардың тиісті сапасына (не жақсартылған сапалық сипаттамаларына) ауыстыруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

5.3. Ауыстырылған Тауарға немесе ақаулар жойылған Тауарға кепілдік мерзімі ақауларды жою немесе ақаулы Тауарды ауыстыру жүргізілген уақыт кезеңіне ұзартылады.

5.4. Ақауларды жою немесе ақаулары бар Тауарды бағасы мен тиісті сапасына ұқсас (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа тауарға ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда, Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты

болады.

5.5. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде ақауларды жою мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдында Шарттың 6-бөлімінде көзделген жауаптылықта болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірмей Жеткізушіден өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда - Тауарды толық көлемде нақты жеткізу күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) ақаулы Тауарды ауыстыру немесе Тауардағы ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда - ақаулы Тауарды бағасы мен тиісті сапасы жағынан ұқсас (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа Тауарға ауыстыру немесе Тауардағы ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кідірілген жұмыс күні үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайызынан) аспайтын мөлшердегі өсімпұл;

3) Шарттың 3.3-тармағының 14) тармақшасында көзделген мерзім бұзылған жағдайда - тиісті ақпарат берілген күнді қоса алғанда, әрбір кешіктірілген жұмыс күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 5% (бес пайызынан) аспайтын өсімпұлды төлейді.

4) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету толық көлемде енгізілмеген жағдайда - Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің енгізілмеген сомасының 1% (бір пайызы) мөлшерінде айыппұл салынады.

6.3. Ақауларды жоюға және (немесе) ақаулы Тауарды бағасы мен тиісті сапасы бойынша ұқсас жаңа (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) Тауарға ауыстыруға мүмкіндігі болмаған/бас тартқан жағдайда:

- Тауарды қабылдау-беру процесінде - Жеткізуші ақаулы Тауар құнының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұлды Тапсырыс берушіге төлейді;

- кепілдік мерзімі кезеңінде - Жеткізуші Тапсырыс берушіге ақаулы Тауар құнының 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді және ақаулы Тауардың құнын қайтарады.

6.4. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін төлеуге жататын соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ 5% (бес пайыздан) аспайтын өсімпұл төлейді.

6.5. Тараптардың бірі Шарттың 3.3-тармағының 5), 12), 13) тармақшаларында және Шарттың 7-бөлімінде көзделген талаптарды бұзған жағдайда, құпия ақпаратты ашқан Тарап басқа Тарапқа Шарттың жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлемді жүзеге асыру кезінде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын дербес ұстап қалуға құқылы (*Тауарды жеткізу фактісі бойынша төленген жағдайда*).

6.7. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық мөлшерде енгізбеген жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің толық енгізілмеген сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.10. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбегенде немесе оны уақытында енгізбеген жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысу үшін берілген өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды.

6.11. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде ақауларды жою мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы, ал Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдында Шарттың 6-бөлімінде көзделген жауаптылықта болады.

6.12. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда:

- Тапсырыс беруші Жеткізуші Шарттың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар ретінде енгізілген ақшалай соманы қайтармайды;

- Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.13. Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, ол Жеткізушіге жоғалған пайданы өтемейді және Жеткізуші келтірген нақты залал үшін ғана жауапты болады.

6.14. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауға міндеттенеді.

6.15. Осы Шарт сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды.

6.16. Жеткізуші және (немесе) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін тартылған адамдар (Жеткізушінің қызметкерлері) Тапсырыс берушіден алынған және (немесе) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезеңінде белгілі болған құпия ақпараттан басқа, өзге де ақпаратты жария еткен жағдайда, Жеткізуші Шарттың 6-бөлімінде көзделген жауапкершілікті көтереді.

6.17. Шарт сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды.

7. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарының және ұсынушы Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты (оның ішінде техникалық құжаттама, жоспарлар, сызбалар, модельдер, үлгілер немесе Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған өзге де ақпарат) екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінш тарапқа:

1) Шартты орындау үшін Жеткізуші тартқан қызметкерге ұсыну жағдайын қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды. Көрсетілген ақпарат аталған қызметкерге жасырын түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылса не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды.

7.2. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбайды.

7.3. Жасырын ақпаратты жария еткен жағдайда Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен мынадай еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де дүлей зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер, азамат соғысы, халықтық толқулар, шектеу шаралары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдердің туындауы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайларының әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлардың қолданылу кезеңіне ауыстырылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмайтын Тарап Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың басталғаны және тоқтатылғаны туралы олардың себептерін көрсете отырып, екінші Тарапты дереу жазбаша хабардар етеді, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер дәлелдемелерді талап етпейді. Бұл ретте Тараптардың келісімі бойынша Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқығы бар, одан кейін Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптан қандай да бір зиянды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындылығына қарай орындауды жалғастырады және көрсетілген жағдайларға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздестіруді жүргізеді.

9. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

(бұл бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талаптар болған кезде қолданылады)

9.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін Шарттың жалпы сомасының 3 % (үш пайызы) мөлшерінде енгізеді (ерекшелік Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін күшіне енген Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайын құрайды), бұл ретте тиындармен есептелген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы дөңгелектенеді, атап айтқанда: 50 (елу) тиыннан аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 50 (елу) тиынға тең және одан жоғары сома - 1 (бір) теңгеге дейін дөңгелектенеді:

- 1) Тапсырыс берушінің банк шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
- 2) банк кепілдігі немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша

9.2. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Жеткізушіге Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті адамдары *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* қол қойған күннен бастап және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады.

9.3. Егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны не Шартта көзделген негіздер бойынша, мерзімде және тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.

10.2. Егер Тараптар келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

10.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

11. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

11.1. Орналасқан жері және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тарап екінші Тарапты тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабардар етеді.

11.2. Шартқа барлық өзгерістер Шарттың 11.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, қосымша келісіммен ресімделеді және оған Тараптар қол қояды.

11.3. Тапсырыс беруші:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерде дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген көмекті көрсеткен;
- 4) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болса, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілікте болмайды;
- 5) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;
- 6) Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

11.4. Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді, ол өткен соң Шарт бұзылды деп есептеледі. Хабарламада Шартты бұзу себебі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

12. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Шарт Жеткізуші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде енгізген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілдік міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

13. ШАРТТЫҢ ТІЛІ

13.1. Шарт электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде бірдей заңды күші бар 2 (екі) бірдей данада, Тараптардың әрқайсысы үшін Шарттың 1 (бір) данасынан жасалды.

13.2. Шарт мәтіндері арасында алшақтық болған, оқулар, алшақтықтар және (немесе) Шарт талаптарының мағыналық мазмұнында қандай да бір сәйкессіздіктер туындаған жағдайда, орыс тіліндегі шарттарды қамтитын Шарт артықшылыққа ие болады.

14. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

14.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) оның ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

14.2. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына ауысады.

15. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРЛЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс берушінің заңды мекенжайы мен тұрғылықты жері>
<Тапсырыс берушінің тұрғылықты жерінің нақты мекенжайы>
<Тапсырыс берушінің ЖСК >
<банктің атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс берушінің атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.Ө. (қолы)

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізушінің заңды мекенжайы мен тұрғылықты жері>
<Жеткізушінің тұрғылықты жерінің нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банктің атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізушінің атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.Ө. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі, аты, әкесінің аты.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках

<наименование товара>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок <наименование товара> способом тендера <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок <наименование товара> (далее – Товар) способом тендера и принял тендерную заявку Поставщика на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге ____ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Заказчик поручает и оплачивает, а Поставщик принимает на себя обязательство поставить Товар в соответствии с ценой за единицу Товара, наименованием, количеством, комплектностью, указанными в технической спецификации, в срок и на условиях, предусмотренных Договором.

